



*Қабиденова Аяулым
10 -сынып*



*Петропавл қаласы
С.Шаймерденов атындағы қалалық
классикалық гимназия*

Ғылыми жұмыстың тақырыбы:

Сегіз сері мұралары- өшпес қазына



Зерттеудің өзектілігі:



Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы арқылы ұлттық идеологиялық бағытымызды айқындап берді. Рухани жаңғырту кезеңде халық тағдырының шынайы көрінісін, ұлттық мүдде мен болмыс-бітімін айшықтап берер әдебиеттің тарихын, қазақ поэзиясын қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Соның ішінде арнайы қарастыруды қажет ететін мәселенің бірі – сал - серілер поэзиясындағы ұлттық құндылықтар.





Зерттеудің мақсаты:

Жастардың бойында ұлттық қазақстандық патриоттық сезімдерді қалыптастыру.

Сал-серілер поэзиясы арқылы халқымыздың тарихын, ата - бабаларымыздың биік мақсат - мұратын тану.

Зерттеу міндеттері:

Руханияттың қайнар көзі- сал-серілердің ән-жырларын, шежіресін дәріптеп, ұлы тұлғалардың мәңгі жасайтындығы арқылы ұлтжандылық қасиеттерді қалыптастыру.





***Зерттеу
нысаны:***



***Сегіз сері (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы
Шақшақовтың өмірі, шығармашылығы.***

***Зерттеу
әдістері:***



Зерттеу, сұрыптау, қорытындылау.

***Зерттеу
жаңалығы:***



***Сегіз серінің өміріне, ән-жырларының
тарихына талдау жасалды.***



Сегіз сері (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақов



(1818 - 1854)

Арғы атасы **Қожаберген** — әрі ақын, әрі әнші, әрі батыр кісі екен. Қалмақтармен шайқаста қол бастап, көзге түскен. "Ақтабан шұбырынды" заманының ұлы ескерткіші — "Елім-ай" дастаны мен әннің иесі. Өз әкесі **Баһрам** батырлығына қоса білімді, діндар адам болған. Баласын жастайынан мұсылманша оқытып, мылтық атуға, садақ тартуға, найза шаншуға, қылыш шабуға, ат өнеріне, балуандықтың айла-тәсілдеріне баулыған. Кейін талапты жігіт қамшы өруден бастап, киіз үйдің шаңырақ, керегесін, аттың ер-тұрманын, өмілдірік-тартпасын, жүгеніне дейін өзі жасайтын шеберге айналған. "**Сегіз**" деп ат қойған — жеңгелері. Себебі ағаларына ілесіп аңға барып жүргенде сегіз жастағы Мұхамедқанапия оқтап берген мылтықпен қашқан киікті атып түсіріпті. Он үш жасынан домбыра тартып ән айтатыны, есейе келе бүркіт, қаршыға баптап, жүйрік ат ұстайтыны байқалған соң "**сері**" деген ат қосылған.

Сегіз сері - сегіз қырлы, бір сырлы ақын



Өмір жолы



Сегіз сері Нияз деген сенімді жолдасымен бірге Сырдария жаққа қоныс аударуға мәжбүр болады. Той-думаны көп Сыр бойында жас жігіттің асыл қасиеттері жарқырап ашылған. Көпшілік жиналған жердің көркіне айналып, жақсы көрген қыздарға арнап, талай тамаша әндер шығарған. Ерлігімен көзге түсіп, Бұхара, Хиуа жақтан қарумен келіп, бейбіт елдің мал-жанын тонайтын қарақшыларға қарсы жасақ ұйымдастырады, басқыншылардың талай рет бетін қайтарып, кек алған. Алайда бұл жақта да көп тұрақтау қиынтұғын, артында қуғын бар. Өзіне ерген жігіттерді бастап, ол Батыс Қазақстан жаққа жол тартады. Жайық өзені мен Нарын құмында бұл кезде патша, хан саясатының озбырлығына қарсы наразылық оты лаулап келе жатқан. Исатай, Махамбет бастаған көтерілісшілерге әскери кеңес береді. Бұл жақта да тұрақтай алмай, Кавказдағы елдерге өтеді, атақты Шәміл бастаған мұсылмандар көтерілісіне катысады. Соңынан Иран, Ауғанстан жаққа кетеді. Ақырында төрт жылдан кейін Сыр бойына қайтып оралады.

Құдіретті әндерінің шығу тарихы



- Ғайни қыз бен **«Ғайни»** әнінің өмір тарихына келсек. Ғайниды тек әдемі қыз, Сегіз сері ән арнаған айрықша қыз деп қана бағалау – обал. Ол – өзінің атақонысын, елі мен жерін қолына қару алып қорғаған қаһарман қыз. Азаттық үшін атқа қонған батыр ару. Сондықтан оның өмірін, ерлігін, аруағын сыйлау – бізге парыз.
- Ғашық сері Мақпалға арнап әйгілі **«Ғауһартас»** әнін шығарады. Бұл ән – адам шығарды деуге қимайтын ән. Әлдебір құдірет адам түсінбейтін әсермен тудыра салғандай. Ол құдірет, әрине, ғашықтықтың құдіреті. Ауыздан шыққан сөз қандай, жүректен төгілген әуен қандай?! «Ажарың ашық екен атқан таңдай, Жанарың қараңғыда жаққан шамдай», –деп таңданады, «Шолпандай таң алдында жалғыз туған» деп сүйсінеді.



Сарқылмас жыр жауһарлары



«Гауһартас»

«Мақпал»

«Ғайни»

«Қарғаш»

«Жылой»

«Әйкен-ай»

«Алқоңыр»

«Қарғам-ау»

«Қарагөз»

«Топ
қараған»

«Бозшұбар»

«Наз
қоңыр»



Сегіз серінің жыр-толғаулары



"Ақбұлақ"

"Қашқын
келбеті"

"Ер
Исатай"

"Ақылсыз
шаһзада"

"Өкініш"

"Жорық"



Сегіз серінің жырлаған жыр-дастандары




• "Ер Тарғын", "Қыз Жібек"

• "Айман-Шолпан",
• "Қозы-Көрпеш — Баян сұлу"

• "Қамбар батыр"



Сегіз серінің шығармалары



Қорытынды



Сегіз сері бір өлкенің ғана емес, бүкіл қазақ елінің мақтан етер ақыны, әнші- композиторы, қол бастайтын батыры, сөз бастайтын шешені болған. Бұл жөнінде әдебиетші ғалымдар Қ.Мұхамедханов, Ж.Бектұров, З.Қоспақов, А.Сатаев, Е.Жақыпов, М.Жармұхамедов, И. Кенжалиевтер Сегіз сері жайлы жақсы пікірлер жазды. Небәрі 36-ақ жас ғұмыр кешкен Сегіздей талант иесінің бір басына 30 шақты ән, 4 қисса-дастан, 4 терме мен 6 күй аз дүние емес. Бүгінгі ұрпақ Сегіз серінің шығармашылығымен және өмірімен толық таныс емес. Сегіз сері – қазақтың сал-серілерінің рухани ұстазы.

Ұсыныстар:



- Жастар үшін **Сегіз серінің** ақын, әнші, сазгер, күйші, мерген, ұста, палуан, сардар, найзагер секілді жан-жақты өнерпаздығы үлгі.
- **Сегіз сері** – тек қана қазақ халқы емес, бүкіл түркі халқының қастерлеп жүрген ұлы тұлғасы екенін тану.
- Әлі күнге дейін жиналмай келе жатқан ән-жыр мұраларды толық жинақтау-біздің және келер ұрпақтың парызы.
- **Сал-серілер** қазақ халқына ән-жырларымен рухани күш, жігер берді.
- Ғасырлар қойнауынан жеткен **сал-серілер үні** – біздің рухани мәдениетіміздің алтын қоры, олардың әсем ән-жырларын үйрену- біздің мақсатымыз.
- *Жұмыс нәтижелерін шешендік өнер, қазақ әдебиетінің тарихына қатысты факультатив сабақтарында, элективті пәндерге материал ретінде қолданауға болады.*
- *Қосымша материал ретінде оқушылар мен студенттерге мына сайтты ашып, қолдануға ұсынамыз:*

<https://vk.com/public158720125>



Назарларыңызға рахмет!

